

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 6 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.13 № 1196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелерінде :

"Жүргізушілердің жалпы міндеттері" деген 2-бөлімнің 2.1.1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"жүргізуші куәлігінің талоны;" .

2. **Алынып тасталды - 2009.10.26. N 1682 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз, 2009.10.30. жарияланды) Қаулысымен.**

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы*